

## **БЕКІТЕМІН**

Алматы облысы білім басқармасы ММ  
«Облыстық білім беруді дамыту  
оку-әдістемелік орталығы» КММ  
директоры А.Кабдулова

«2021 ж.»

**Жалпы білім беретін мектептер, психологиялық-педагогикалық түзөу кабинеттері,  
облыстық мекемелердің арнайы педагогтеріне арналған «Әдістемелік сандықша»  
облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу Ережесі**

### **I. Жалпы ереже**

- 1.1. Осы ереже арнайы педагогтер (педагог-психолог, логопед-мұғалім, дефектолог-мұғалім, әлеуметтік педагог және т.б.) арасындағы «Әдістемелік сандықша» облыстық байқауын (бұдан әрі –Байқау) өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.
- 1.2. Облыстық байқауды Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.
- 1.3. Байқауды өткізу тәртібі ережемен анықталады.
- 1.4. Байқау білім мазмұнын жетілдіру мақсатында үздік түзету-дамыту бағдарламаларды анықтауға мүмкіндік береді.

**II. Байқаудың мақсаты:** арнайы түзету-дамыту бағыты бойынша жеке, топтық бағдарламаларын құрастыратын, тиімді, нәтижелі жұмыс жүргізетін арнайы педагогтерді анықтап, озат тәжірибелі тарату.

### **III. Байқаудың міндеті:**

- Білім беру мекемелерінің түзету үрдісіне әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
- Арнайы педагогтердің шығармашыл әлеуетін қолдау; үздік жұмысты анықтау;
- Өзірлемелерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін көрсету;
- Үздік педагогикалық іс-тәжірибелі тарату;
- Шығармашылық қызмет нәтижелері, педагогикалық идеялар және жобалармен бөлісу.

### **IV. Байқауға қатысушылар және байқауға қатысу**

- 4.1. Байқауға жалпы білім беретін мектептер, психологиялық-педагогикалық түзөу кабинеттері, облыстық мекемелердің арнайы педагогтері қатыса алады. Топтық жұмыстар қарастырылмайды. Бұрын қорғалған жұмыстар байқауға жіберілмейді.
- 4.2. Бағалау критерийлерге байланысты жүзеге асырылады.

### **V. Байқаудың мазмұны және өткізу түрі**

- 5.1. Байқауға авторлық, жеке және топтық түзету-дамыту бағдарламалары ұсынылады.

5.2. Авторлық, жеке және топтық түзету-дамыту бағдарламаларының құрылымы:

- титул беті;
- рецензия (ғылыми қызметкер, практик-мұғалімдер);
- түсінік хат;
- тақырыптық-оку жоспары;
- авторлық бағдарлама жоспары;
- әдістемелік қамтылуы;
- қосымша.

5.3. Титул бетінде: ұйымының атауы заңды құжатқа сәйкес; тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес); бағдарлама авторының лауазымы; авторлық бағдарламаның әзірленген жылы; бағдарламаның түсінік хаты (бағыты, жаңашылдығы,

өзектілігі, педагогикалық маңыздылығы, түзету жұмысының негізгі мақсаты мен міндеттері, ерекшеліктері, күтілетін нәтижелер және оларды диагностикалау әдістері).

5.4. Бағдарлама мазмұны: күнтізбелік-тақырыптық жоспар, бөлімдер тізбесі, сабактың сағаттар саны, бағдарламаның мазмұны тақырыптардың қысқаша сипаттамасы арқылы ашылады (Теория және практиканың үштасуы).

5.5. Бағдарламаның әдістемелік қамтылуы: сипаттама, тақырып бойынша жоспарланған сабак түрлері (оыйн, экскурсия, конкурс және т.б.), түзету-дамыту жұмысын үйімдастырудың әдістері мен түрлері, дидактикалық материалдар, сабактың техникалық жабдықталуы, әр тақырып немесе бөлім бойынша қорытынды шығару.

5.6. Материалдар қағаз және электронды нұсқада ұсынылады. Рәсімдеуге қойылатын талаптар: А4 форматта, текст редакторы - Microsoft Word, шрифт – Times New Roman, шрифт көлемі – 14, екі жақ жиегі – 2 см. барлық жағынан, жоларалық интервал -1, ориентациясы -кітап, тасымалсыз.

## **VI. Байқаудың мазмұндық бағыты**

6.1. Байқау келесі бағыттарда жүргізіледі:

1. Психологиялық
2. Нейропсихологиялық
3. Дефектологиялық
4. Логопедиялық
5. Әлеуметтік.

## **VII. Бағалануы.**

Авторлық, жеке және топтық түзету-дамыту бағдарламаларын бағалау критерийлері:

- Түзету-дамытушылық бағдарламаның бала аңғарымына сәйкестігі -2
- Түзету жұмысының негізгі мақсатының айқындылығы - 2
- Қолданылатын әдіс-тәсілдердің окушы жас ерекшелігіне сәйкес болуы - 2
- Окушыға оку қыындықтарын женуге бағытталған әдістердің тиімділігі - 2
- Окушының даму динамикасы - 2 (бастап және қорытынды диагностикасы)
- Түзету сабактарының бірізділігі - 2 (өзара байланысы)
- Мазмұндышылығы және рәсімделуі -2.

## **VIII. Байқау әділ қазылары**

8.1. Байқау әділқазыларының жұмысы: байқау Ережесіндегі критерийлерге сәйкес материалдарды бағалау; женімпаздарды анықтау; марапаттау.

8.2. Байқау қорытындысы арнайы хаттамамен рәсімделеді.

## **IX. Ұйымдастыру комитетіне құжаттарды ұсыну тәртібі**

9.1. Байқау 2021 жылдың **19 қарашасында** өтеді. Катысуға сұраныс ағымдағы жылдың **05 қарашасына** дейін e-mail: talmetod@mail.ru почтасына қабылданады.

Сұрақтар туындаған жағдайда ұялы телефон арқылы байланысуға болады. Кыдыкенова Динара Жәрдембековна сот.87478469220.

9.2. Әділқазылардың шешімімен анықталған байқау женімпаздары Алматы облыстық білім беруді дамыту оку-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Женімпаздардың авторлық бағдарламалары практикаға енгізу үшін облыстық сараптама кеңесінде қарастырылып, ұсынылады.